

7. Топпен жұмыс

I топ

1. «Менің Қазақстаным» тақырыбына сурет салу (плакат, маркер беріледі)

II топ

Отан тақырыбына байланысты өлең құрастыру

III топ

Отан, ел туралы мақал – мәтелдер құрастыру

Әр топтан бір оқушы өз жұмыстарын қорғап шығады

IV Ой толғаныс

Білетінім Үйренгенім Білгім келеді

Қазақстан Республикасының

Ата заңын, Тәуелсіздік күні, Мемлекеттік рәміздері,

ҚР-ның Президенті Тәуелсіздік, Конституция, Қазақстанның жер көлемін, шекаралас мемлекеттерді Еліміздің болашағы қандай болады?

Бекіту.

Бес жолды өлең жазу. Жазған өлеңдерін оқыту

1. Не? – Отан

2. Қандай? – Кең – байтақ

3. Не үшін? – Отан үшін отқа түсеміз, күймейміз

4. Не істейміз? – Отанымызды сүйеміз, мақтан етеміз

Әдебиеттер:

1. Дауыс пен көрініс журналы №3 (31)2012ж.

2. Бастауыш мектеп № 1,2014ж.

3. Дүниетану оқулығы.

АҚЫЛ-ОЙЫ КЕМ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДА ОЙЫН ТЕРАПИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Густаева Г.М., Ерменбетова С.М., Камалиева Г.С.

КММ «Қарағанды облысының балаларға арналған психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесі», Қарағанды қ.

Ақыл-ой кемістігі баладағы психикалық әрекеттердің әртүрлі өзгерістерін тудырады. Зият кемістігі басқа туынды кемістіктердің пайда болуына жағдай жасайды. Баланың психикалық жетілмеуі мен танымдық қабілеттерінің бұзылуы, тұлғалық бұзылулары сан алуан түрлі күйде көзге түседі. Бірақ өзге қабілеттері мен жағымды қасиеттері бұлардың орнын толтырады және даму процесін қамтамасыз етеді.

Зияты бұзылған балалар жалпы алғанда, дамуға қабілетті, бірақ бұл процесс өте баяу, қалыпты дамудан әлдеқайда ұзақ жүзеге асады. Л.С.Выготский дәлелдеген сау бала мен ауытқуы бар баланың даму заңдылығы бірдей екендігі туралы ереже саубаланың даму концепциясын ақыл-ойы кем баланың дамуы туралы ережеде пайдалануға болатыны мен бала дамуына әсер ететін факторлар бірдей деп есептеуге мүмкіндік береді.

Жеткіліксіз танымдық белсенділік, бағдарлау әрекетінің төмендігі – бұл кемақыл балалардың ми қыртысындағы нейрофизиологиялық процестердің ерекшеліктеріне тікелей қатысты симптомдар. Осы категориядағы балалардың патологиялық дамуын зерттеумен айналысқан бірқатар ғалымдар (С.С.Корсаков, Г.Е.Сухарева, М.Г.Блюмина, С.Я.Рубинштейн т.б.) олардың қоршаған ортаға деген қызығушылықтарының аздығын, инициативасыздық пен селқостық тәрізді белгілерді атап көрсетеді.

Г.Е.Сухарева былай деп жазады: олигофрениядан зардап шегетін балаларда сау балаға тән қоршаған ортаны тануға деген тежеусіз ұмтылыс жоқ. Балалардың жүйке процестері деңгейінде инерттілік, тежелуге деген бейімділік бар. Бұлардың барлығы жалпы танымдық белсенділіктің төмендеуіне патогендік негіз береді. Мектепке дейінгі жастағы балалар өзін қоршаған заттық ортаға ешқандай қызығу танытпайтындығымен сипатталады. Қозғыш балалар көзіне түскеннің барлығын бірден қамтуға ұмтылады, оның қажетті-қажетсіз екендігін ойлап жатпайды. Бірақ оларды жетектейтін күш – қызығушылық емес, оларға тән қасиет – импульсивтілік. Өкінішке орай, балалар қолына іліккенді сол сәтте-ақ тастайды, себебі оның қажеті жоқ екендігін ұғады.

Тежелгіш балалар, керісінше, айналасындағы заттарға көңіл аудармайды, ешнәрсеге назар салмайды. Ал мінез-құлқы анағұрлым адекватты балалар кейбір айқын, ашық бояулы, жаңа заттарды аз уақыт қызыға қарайды. Бірақ ол заттар туралы ересектерге сұрақ қоймайды, өз беттерімен жаңа бірнәрсе білуге талаптанбайды.

Ақыл-ойы кем балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарында әртүрлі дамыту әдістерін қолдану өте маңызды. Түзету процесінде кеңінен қолданылатын әдістердің бірі - ойын.

Ойын - бала мен ересек адам арасындағы біріккен іс-әрекет түрі болып табылады. Осы іс-әрекеттер арқылы адамның ішкі «Мен» позициясы құрылып, нығаяды. Сонымен қатар, адамның қазіргі өмір сүріп отырған уақыты мен болашақ өмірінің моделі құрылады. Бұл ойында берілген өмірдің маңызды бір жағдайын ойнап, бастан кешірумен тығыз байланысты болады.

Педагогикалық мүмкіндіктеріне сәйкес ойын түрлері: психологиялық, дамытушылық, диагностикалық, дидактикалық т.б. ойындар.

Психологиялық ойын - жаттығулар баланың жан дүниесінің, рухани жай - күйінің үйлесімді дамуына ықпал етеді. Баланың сезім әрекетін, әсерленушілік деңгейін анықтау үшін пайдаланылады. Айнала қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасау қиындығы, біріншіден, балалардың жұмысқа бейімделуіне, білімді меңгеруіне кедергі болады. Сондықтан, баланы оқуға қызықтыру және дамыту, танымдық іс - әрекетін қалыптастыру мақсатында сабақ алдында эмоционалдық еркіндік жағдайын туғызатын психологиялық жаттығулар өткізу керек. Мысалы, «Менің көңіл-күйім» жаттығуында оқушылар қағазға өз көңіл күйлерін бейнелейді. «Мен саған сенемін» ойынында жұптар бір - бірінің көздеріне қарап «Мен саған сенемін, өйткені сен жақсы адамсың... т.б.» - деп бір-біріне жағымды нәрселер айтады.

Дамыту ойындары баланың танымдық және ерік - эмоциялар сферасын дамытуға бағытталған іс - әрекет. Дамыту ойындардың маңыздылығы оқушылардың ынта - ықыласын есепке ала отырып, оқуды қызықты етіп, білім, білік, дағдыны қалыптастыру. Дамыту ойындарға қойылатын бірінші талап - оқушының танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту.

Танымдық ойындардың да түрлері көп. Мысалы, сөзжұмбақ, сөз тізбек, кроссворд, викторина, психологиялық жаттығулар, логикалық есептер, тренинг, тест, т. б. Танымдық ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделене түседі. Оқушы бойындағы қызығушылығын, қабілеттерін арттыруға, білімін шыңдауда танымдық ойындардың алар орны ерекше. Адамның танымы жоғарылаған сайын, дүниеге көзқарасы да кеңейе түседі.

Дидактикалық ойындарды оқыту үрдісінде кеңінен пайдалана отырып оқытудың тиімділігін арттыруға болады. Ол оқушылардың сабаққа деген ынта - ықыласын оятып, танымдылық белсенділігін арттыруға үлкен жол ашады.

Ойынның мақсаты оқушылардың дидактикалық ойындар арқылы қол жеткізетін білімділік, тәрбиелік, танымдылық қабілеттерінің нәтижелеріне тікелей байланысты. Ойын ұзақтығы ойын мақсатына байланысты тікелей байланысты. Ойын ұзақтығын айқындау — мұғалімнің сабақты дұрыс ұйымдастыруына, уақытын нақты есептеуіне көмектеседі. Сонымен қатар мұғалім сабақ мақсатына сай дидактикалық ойындарды орынды қолдану жолдары мен әдіс-тәсілдерін анықтап, игерілетін білім, білік көлемін болжайды.

Ойын ережесі оқушылардың жас ерекшеліктері мен түсініктеріне сай дәл тұжырымдалған, қарапайым болуы тиіс. Ойынға қатысушылар саны мұғалімнің алдына қойған мақсатына қарай іріктеледі. Егер мұғалім оқушыларды саралап, деңгейлеп оқытып, баланың жеке қабілеттерін нығайтқысы келсе, онда ойынға қатысушылар санын өзгертіп отыруға болады.

Ойынның негізгі құрылымдық элементтері: ойынның мақсаты, сюжеті немесе мазмұны, ойын әрекеттері, рөлдер, ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Бұл элементтер өзара тығыз байланысты және ойынды балалардың өзінше бір іс-әрекеті ретінде көрсетеді.

Ойынның сюжеті, мазмұны-балалардың күнделікті өмірде көріп жүрген адамдардың әлеуметтік қарым-қатынасының көшірмесі. Ойын әрекеттері балалардың өзара қарым-қатынастарындамытады, мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға деген ықылас пен ынтаны қоздырады. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның дамытушылық маңызы баланы зеректікке, білгірлікке жетелейтіндігінде, танымдық белсенділігін арттырып, батылдыққа, өжеттікке баулитындығында.

Әдебиетгер:

1. Тебенова Қ. С., Рымханова А.Р. Арнайы психология. - Алматы: Дәуір, 2011. - 264 б.
2. Основы специальной психологии./ Под ред. Л. В. Кузнецовой. — М.: «Академия», 2002. - 423 с.
3. Нұрбергенова С.Т. Ойын арқылы оқыту// Шағын мектеп. – 2008. – 52 б.
4. Шмаков С.А. Игры учащихся - феномен культуры. -М.: Новая школа, 2004. – 240с.

ЗДОРОВЬЕ СБЕРЕГАЮЩЕЕ ТЕХНОЛОГИИ В ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЕ С ДЕТЬМИ ТЯЖЕЛЫМИ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫМИ НАРУШЕНИЯМИ

Махметова А.К., Ганношина Г.В.

КГУ "Психоневрологическое медико-социальное учреждение для детей
Карагандинской области"

Охрана жизни и укрепление физического и психического здоровья – одна из основных задач в вопросах обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями в развитии. По данным системы здравоохранения, в настоящее время состояние здоровья детей как дошкольного, так и школьного возраста снижается. И поэтому актуально значимым и востребованным сегодня становится поиск средств и методов повышения эффективности оздоровительной работы специальных образовательных учреждениях. Технологии, как эффективная система мер профилактической работы с детьми, направленная на сохранение и укрепление здоровья воспитанников, получили название «здоровьесберегающие технологии». Итак, здоровьесберегающая технология в воспитательном процессе – это система мер, включающая взаимосвязь и взаимодействие всех факторов образовательной среды, направленных на сохранение здоровья ребенка на всех этапах его обучения и развития.

Понятие «здоровьесберегающие педагогические технологии» дискуссионно у разных авторов встречаются разные трактовки. Н.К.Смирнов, как родоначальник понятия «здоровьесберегающие образовательные технологии» утверждал, что их можно рассматривать как технологическую основу здоровьесберегающей педагогики, как совокупность форм и методов организации обучения детей без ущерба для их здоровья, как качественную характеристику любой педагогической технологии по критерию ее воздействия на здоровье ребенка и педагога. Он считает, что как прилагательное понятие «здоровьесберегающая» относится к качественной характеристике любой педагогической технологии, показывающей, насколько при реализации данной технологии решается задача сохранения здоровья основных субъектов образовательного процесса – детей и их родителей, педагогов. Здоровьесберегающие технологии можно рассматривать как сертификат безопасности для здоровья и как совокупность тех принципов, приемов, методов педагогической работы, которые дополняют традиционные педагогические технологии задачами здоровьесбережения.

Укрепление здоровья – это дело государственной важности. В соответствии с Законом РК «Об образовании» здоровье школьников отнесено к приоритетным направлениям государственной политики в области образования. По данным Министерства здравоохранения лишь 14% детей практически здоровы, 50% имеют функциональные отклонения, 35-40% - хронические заболевания. Институт возрастной физиологии РАО РФ выявил, что на здоровье человека оказывают влияние множество факторов, причем эти факторы можно разделить на две большие группы:

а) внешние факторы (за пределами образовательного учреждения):

- экология;
- семья и микроклимат в ней;
- круг общения, вредные привычки;
- питание;
- здоровый образ жизни.

б) внутренние факторы (в самом образовательном учреждении):

- организация учебного процесса, методика организации урока;
- организация и реализация воспитательного процесса;
- двигательный режим учащихся в урочное и внеурочное время;
- создание условий психологического комфорта; (слайд)
- организация медицинского обслуживания в образовательном учреждении;
- организация питания;
- соблюдение санитарно-гигиенических норм.